

"Дипломатиялық қызмет органдарында сынақ мерзімін өту ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2002 жылғы 2 сәуірдегі № 244 бұйрығының және "Дипломатиялық қызмет органдарында сынақ мерзімін өту ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2002 жылғы 2 сәуірдегі № 244 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 шілдедегі № 11-1-2/316 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы"

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2016 жылғы 20 маусымдағы № 11-1-2/273 бұйрығы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабының 2-тармағына және 50-бабының 2-тармағына сәйкес

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1 . М ы н а л а р д ы ң :

1) «Дипломатиялық қызмет органдарында сынақ мерзімін өту ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2002 жылғы 2 сәуірдегі № 244 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1848 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетенінде жарияланған, 2002 жыл, № 30, 646 - қ ұ ж а т) ;

2) «Дипломатиялық қызмет органдарында сынақ мерзімін өту ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2002 жылғы 2 сәуірдегі № 244 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 шілдедегі № 11-1-2/316 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11989 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 16 қыркүйекте жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Кадрлар басқармасы заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне қосу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің

интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Жауапты хатшысы А.Б. Қарашевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
С ы р т қ ы і с т е р м и н и с т р Е. Ы д ы р ы с о в

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК